

**Сабақтың тақырыбы: МТЗ-80  
тракторын  
сақтауға дайындау және сақтауға  
қою**



# Сабақтың барысы

## Ұйымдастыру кезені:

- Білім алушыларды түгендеу
- Білім алушылардың арнайы киімін бар-жоғын тексеру
- Құрал-жабдықтарды тексеру
- Кезекшіні тағайындау

# Сабақтың мақсаты

**Мақсаты:** Оқушыларды тракторды сақтауға дайындау және сақтауға қою кезінде атқарылатын жұмыстарымен таныстыру және үйрету.

**Жұмыс орнының жабдықтары:** Трактор МТЗ-80 мен Домкрат, тығын дайындамалары, балға, тістеуіктер, ақбалшық, шелек, арнайы шүберек, өлшеубақылау аспаптары.

## Сабақтың барысы бойынша түсініктеме.

**Сақтау-** трактордың құрамдас бөлігі болып табылады. Тракторды дұрыс сақтауға қою- ұзақ мерзімде қызмет етуді қамтамасыз етеді , сақтаудан кейін тракторды жұмысқа пайдалану кезінде шығынсыз бөлшектерді қолдануға мүмкіндік береді және жұмыс қабілетін сақтауға мүмкіндік береді.



Сақтауға қою алдында: трактордың жай-күйін тексереді, тракторларды жүргізеді, кезекті техникалық қызмет көрсетеді.

Тракторды сақтауға қою екі түрде жүзеге асырылады: олар **жабық орындарда және ашық алаңда сақтау**. Жабық орында және ашық алаңда сақтауда міндетті түрде орындау қағидалары бар; сақтау мерзіміне қарай трактордың кейбір бөлшектері алынып арналған қоймаға сақталынады. Тракторды сақтау мерзімі бойынша қысқа мерзімге- он күннен екі айға дейін, екі айдан астам — ұзақ мерзімге сақтау болып бөлінеді.





## ҚЫСҚА МЕРЗІМГЕ САҚТАУ ЕРЕЖЕСІ (10 күнге дейін)

- 1.Тракторды толықтай ашық алаңға сақтауға қою.
- 2.Атмосфералық жауын-шашыннан және шаң тозаңнан сақтау үшін трактордың барлық тесіктер мен қуыстарын тығыз жабылатын қақпақтармен, тығындармен, қаптармен жабылуы керек.
- 3.Аккумуляторлық батареялар ажыратылуға тиіс.
- 4.Ауа райына байланысты трактордың суын ағызып жүберуді қадағалау керек.
- 5.Сақтауға қойған кезінде таркторлардың ара қашақтығы 1 м –ден кем болмау керек. Қатарлардың ара қашықтығы 6 м.
- 6.Сақтау аланы құрғақ және су жиналмайтын тегіс жер болуы керек.




## ҚЫСҚА МЕРЗІМГЕ САҚТАУ ЕРЕЖЕСІ (10 күннен 2 айға дейін)

1. Тракторды толықтай ашық алаңға сақтауға қою.
2. Атмосфералық жауын-шашыннан және шаң тозаннан сақтау үшін трактордың барлық тесіктер мен қуыстарын тығыз жабылатын қақпақтармен, тығындармен, қаптармен жабылуы керек.
3. Аккумуляторлық батареялар ажыратылуға тиіс. Аккумуляторды қоймаға сақтаудың алдында тығыздығын өлшеп нормаға сәйкес болуы керек.



# ҰЗАҚ МЕРЗІМГЕ САҚТАУҒА ҚОЮ ЕРЕЖЕСІ (2 айдан артық)



1. Тракторды жуып тазалау, зақымдалған жерлерін қалпына келтіріп сырлау;
2. Сұйықтықты салқындатқыш жүйесінен босатып, трактордың кабинасында жылу беретін және салқындату бағындығы суды ағызып жіберу.





3. Тракторды ұзақ мерзімге қояр алдында қозғалтқыштағы майды ағызамыз.

4. Қозғалтқыштағы майдың филтірін ағытып тығыз ауамен үрлеп тазартамыз.




5. Қозғалтқышқа К-17 ГОСТ 10877-76 тазарту майың құямыз.



6. Немесе тазарту майыға 5% присадка АКОР-1 ГОСТ 15171-78 қосуға болады . Акор 1 қосудың алдында К-17 тазарту майымен араластыру қажет.


7. Қозғалтқышқа тазарту майын құйғаннан кейін , 15-20 мин. бос айналымда жұмыс істеуі қажет.

8. Тазалау майды 15-20 мин. кейін ағызамыз.






9. Гидрожүйедегі майды ағызып және ГУРдағы, (тракторға орнату алдында). 6 айдан астам сақтау кезінде жаңа майға 5-10 % АКОР-1 присадкасын араластырып құямыз.



К заднему мосту трактора прикручиваем соединение для крепления гидроцилиндров навески и соединяющей балки.





10. Бактан жаңармайды ағызып жібереміз және трактордан ағытып тазалаймыз.



# Ұзақ мерзімді сақтауға қою кезінде трактордан алынып қоймаға қойылатын бөлшектер:

❖ Генератор



❖ Стартер



❖ Фаралар



❖ Аккумуляторлық батареялары




❖ Генератор ременің босатамыз.



Жерден 8- 10 см дейін трактордың дөңгелегін домкратпен көтеріп астына тірек тұғырды қоямыз.

Дөңгелектің қысымын 70% - ке дейін төмендетеміз. Дөңгелектерді күннен қорғайтын арнайы құрамында алюминий қоспасы бар ашық түсті бояумен қаптаймыз.



Жанармай құйятын бак қақпағын майлап жауып және түтін шығатын құбырын полиэтилен қаптармен жауып орап тастаймыз.





# Сабақты бекіту

1.Тракторды сақтауға қою алдында қандай жұмыс жасалынады?

- а) трактордың жай - күйін тексереді
- б) майды ағызып жібереді
- с) кезекті техникалық қызмет көрсетеді

2.Тракторды сақтауға қою неше түрде жүзеге асырылады ?

- а) 3
- б) 2
- с) 4

3.Тракторды сақтауға қою мерзімі бойынша неше түрге бөлінеді?

- а) 1
- б) 4
- с) 2

4. Қысқа мерзімге сақтау неше күнге қойылады?

- а) 10 күннен 1 айға дейін
- б) 1 ай
- с) 10 күннен 2 айға дейін

5.Ұзақ мерзімге сақтау неше айға қойылады?

- а) екі айдан астам
- б) бір айдан астам
- с) бір жылға

6. Қысқа мерзімге сақтауға қою кезінде қандай жұмыстар жасалынады?

- а) Аккумуляторлық батареялар ажыратылуға тиіс
- б) Ауа райына байланысты трактордың суын ағызып жұберуді қадағалау керек
- с) барлық жауабы дұрыс

## Сабақты бекіту

7. Сақтауға қойған кезінде тракторлардың ара қашақтығы неше м –ден кем болмау керек?

- а) 3 м                      б) 1 м                      с) 2 м

8. Ұзақ мерзімге сақтауға қою кезінде қандай жұмыстар жасалынады?

- а) Атмосфералық жауын-шашыннан және шаң тозаннан сақтау үшін трактордың барлық тесіктер мен қуыстарын тығыз жабылатын қақпақтармен, тығындармен, қаптармен жабылуы керек  
б) Тракторды жуып тазалау, зақымдалған жерлерін қалпына келтіріп сырлау  
с) Ауа райына байланысты трактордың суын ағызып жүберуді қадағалау керек


9. Ұзақ мерзімге сақтауға қою кезінде трактордан қандай бөлшектер алынып, қоймаға сақталынады?

- а) Бак                      б) Фаралар, генератор, стартер, аккумуляторлық батареялар  
с) Дөңгелек, май филтірі

10. Ұзақ мерзімге сақтауға қою кезінде дөңгелектердің қысымы неше % - ке төмендетеді?

- а) 80 % - ке                      б) 60 % - ке                      с) 70 % - ке

# Дұрыс жауаптары

- 
- 
1. А
  2. Б
  3. С
  4. С
  5. А
  6. С
  7. Б
  8. Б
  9. Б
  10. С

## Бағалау нормасы

1 қате – «5»

2 қате – «4»

4 қате – «3»

# Тракторды сақтауға дайындау кезіндегі техника қауіпсіздігін сақтау:

1. Комбайнды немесе тракторды, автокөлікті жүргізу алдында міндетті түрде дыбыс сигналы беріледі.
2. Шебердің рұқсатынсыз жұмысты бастауға болмайды.
3. Міндетті түрде қауіпсіздік ережесін сақтау керек.
4. Тракторды сақтауға дайындау кезіндегі мынадай жағдайларға тыйым салынады:
  - тракторға бөтен адамның мінуіне;
  - ақаулы құрал-саймандарды пайдалануға;
  - ыңғайсыз және желбіреген кең киім киюге, сондай-ақ бас киімсіз жұмыс істеуге;
  - көтергіш құралда ақау болса, бос болса, жұмыс істеуге тиым салынады;
  - қозғалтқыш іске қосылып тұрғанда ,тракторға техникалық қызмет көрсетуге болмайды..
5. Қозғалтқыш іске қосылып тұрғанда,мотор майын құюға болмайды.





## Бекітуші нұсқаулық

- Жұмысты орындау әдістері
- Орындалған жұмыстың сапасын тексеру
- Атқарылған жұмыстарының қателіктерін көрсету
- Орындалған жұмысты бағалау
- Жұмыс істеген орындарын жинау